

Торғайдың қасиетті қара шаңырағы



Ұлы даланың ұлы тұлғаларының қатарында өзіндік көрнекті орны бар ірі қоғам қайраткерлерінің бірі Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдық мерейтойы республика көлемінде аталып, бірнеше мағыналы да, маңызды іс-шаралар атқарылып жатыр. Кең қазақ сахарасында тұңғыш рет білімнің шамшырағын жаққан ағартушы-педагогтың ұлт болашағы үшін жасаған еңбегі, атқарған қызметі ұшан-теңіз. Ұлт тағдыры қыл үстінде тұрған қысылтаяң кезеңде оны алып шығудың бірден-бір жолы – оқу-білім екендігін көкірек көзі ояу, көзі қарақты ұлт жанашырлары біліп, халқын соған жетелей бастады. Солардың бірі де бірегейі – Ыбырай (Ибрахим) Алтынсарин болатын.

Ыбырай бабамыздың есімін иеленіп отырған Торғайдағы білімнің қарашаңырағы атанған Арқалық педагогикалық институты ұлы тұлғаның есімін ұлықтау, педагогикалық қызметін насихаттау сияқты келелі жұмыстардан тыс қалған емес. Қазақ зиялыларының бастау бұлағында тұрған Шоқан Уәлихановтың «ұлттың ұлт болуы екі-ақ нәрсеге байланысты



С.ҚУАНЫШБАЕВ, «Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамының басқарма Төрағасы-Ректор

культет, үш бөлім, төрт кафедра (марксизм-ленинизм, педагогика және психология, орыс тілі және әдебиеті, физика және математика) құрамында үш мамандыққа қабылданған 200 студенттен бастады. Алғашқы бұйрыққа 19 профессор-оқытушы, оның ішінде 3 ғылым кандидаты және қосымша шаруашылық, есептеу, кітапхана қызметкерлері енді. Оқу проректоры – Я.Ботвич, шаруашылық басшылығына – Жадырбаев, декан қызметіне – Қ.Тастанбаев тағайындалды.

Бірінші бұйрық тізімімен қабылданып, құрметті зейнеткерлікке дейін қызмет еткендер С.Рахметова (шет тілдер кафедрасының меңгерушісі), Ж.Абдигалиева (физика-математика кафедрасының меңгерушісі), қосымша және шаруашылықта қызмет жасағандар А.Фахиевич, В.Аксючиц, Т.Кайралипова, К.Сакановалар болатын.

бизнесімен білім және ғылым министрлігінің қолдауымен Б. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты «Академиялық шеберлік орталықтары» (мақты аймақтық жоғары оқу орындары) атты жоба аясында елімізді білікті педагогикалық кадрлармен қамтамасыз ету және жаратылыстану ғылымдарын оқыту сапасын арттыру бойынша кеңенді жаратылыстану және педагогикалық міндеттерді шешуге қабілетті «Жаратылыстану ғылыми-білім беру орталығы» ашуға мүмкіндік алып отыр. Осыған орай, жаңадан құрылалы отырған «Жаратылыстану ғылыми-білім беру орталығы» институтымыздың жаратылыстану және ақпараттандыру факультетінің базасында ұйымдастырылуда. Орталық заманауи зертханалар, атап айтқанда экология зертханасы, биотехнология зертханасы, кеңейтілген биология зертханасы, бейорганикалық химия зертханасы, органикалық химия зертханасы, картография және ГИС технологиясы зертханасы, нанотехнология зертханасынан және шағын метеорологиялық алаңнан құралған.

Орталық жұмысының негізгі бағыттарының бірі ғылыми жетістіктер мен өзбек тәжірибеге негізделген тиімді білім беру бағдарламаларын әзірлеу, консультативтік қолдау көрсету, Қостанай және Ақмола облыстарында ғылым мен білімнің жаңа жетістіктерін трансляциялауды қамтамасыз ету және сүйемелдеу болып табылады. Сонымен қатар, орталық жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдердің біліктілігін арттыратын заманауи базаға айналады.

АрқШІ базасында құрылып жатқан «Жаратылыстану ғылыми білім беру орталығы» болашақ педагог мамандарды практикалық дайындаудың негізіне, сондай-ақ жас ғалымдардың ғылыми әлеуетін дамытудың өзегіне

білімдері мен зертханаларының үлгісінде ұйымдастырылады. Сондықтан, аталмыш мемлекеттік университетіміздің жоба білім беру жүйесінің қажеттіліктерін қанағаттандырады және жаппы алаңда заманауи құзыреттері бар мамандарды дайындау, бәсекеге қабілетті инновацияларды құру және оларды түпкілікті пайдаланушыларға беру арқыны педагогикалық институттың әлеуетін арттыруға көмектеседі.

«География», «География-тарих» білім беру бағдарламалары бойынша «Жалпы жер тану», «Дүние жүзінің физикалық географиясы», «Қазақстанның физикалық географиясы», «Дүние жүзінің әлеуметтік, экономикалық және саяси географиясы», «Қазақстанның әлеуметтік, экономикалық және саяси географиясы», ақпараттық технологиялардың үстемдігін көрсету мақсатында «Географиялық ақпараттық жүйелер» пәндері оқытылды. Педагогикалық және кәсіби тәжірибесін шыңдау үшін студенттер білім беру ұйымдары мен далалық арнайы алаңдарда тәжірибеден өтеді. Аталған білім беру бағдарламаларын меңгеріп шыққан студенттер бакалавр академиялық дәрежесімен мектеп, колледж және басқа да білім беру ұйымдарында жұмыс істей алады.

Факультетте «Математика» білім беру бағдарламасымен қатар қосарланған «Математика және физика», «Математика және информатика» білім беру бағдарламалары жүзеге асырылады. Математиканы оқыту барысында ақпараттық технологияларды пайдалану мақсатында «Живая математика», «GeoGebra» бағдарламалары пайдаланылады.

«Физика», «Физика және информатика» білім беру бағдарламалары үшін заманауи үлгіде жабдықталған физикалық зертханалар жұмыс жасайды. Аталған білім беру бағдарламалары үшін қазіргі уақытта «STEM-білім»

рты, mathematics – математика, яғни жаратылыстану ғылымдары мен инженерлік пәндерді бір жүзеге біріктіретін ғана.

2021-2022 оқу жылында «Информатика», «Информатика, ақпараттық коммуникациялық технологиялар және робототехника» білім беру бағдарламаларына қарасты «Ақпараттық технологиялар орталығы» аясында Орталықта робототехниканың «Fischertechnik Robotics», «Arduino Uno», «LEGO Mindstorms Education EV3», «Роботрек» атты түрлері, сондай-ақ лазерлік кескіш, микросхема дәнекерлеуші, 3D принтер т.б. құрылғылары да бар.

Ақпараттық технологиялар орталығы студенттер мен оқушыларға білім беруде теориялық және практикалық оқытуды біріктіреді, сондай-ақ, қазіргі заманғы жабдықтарды терең білуге және түсінуге мүмкіндік жасайды. Орталықты аялудағы негізгі мақсаты – мектеп, колледждермен институт арасындағы байланысты күшейту, ақпараттық технологияларды қолдана отырып мектеп – колледж – институт сабақтастығын дамыту.

Ақпараттық технологиялар орталығының жұмысын жаңадандыру барысында «Информатика», «Информатика, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және робототехника» білім беру бағдарламалары Арқалық қаласы білім бөліміне қарасты қала мектептерімен бірлесіп отырып, орта мектеп оқушыларына арналған факультативтік сабақтарды бекітілген жоспар бойынша ұйымдастырып өз жұмысын бастады. Сабақта оқушылар «Робототехника негіздері», «Бағдарламалау», «3D, Scetch-up» бағыттары бойынша қосымша сабақтар игереді.

Әлібек ЕСКЕРМЕСУЛЫ,
Жаратылыстану және ақпараттандыру факультетінің деканы